

Жақсыбай негізгі жалпы білім беретін мектебі «Бейнелеу өнері сабақтарында қарама-қайшылық заңдылықтарын қолдану»


/проблемалық тақырып бойынша әдістемелік жұмыс/



Бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімі А.С.Надиргожин
Қаратөбе, тамыз мәслихаты
2017 жыл

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҚТАРЫНДА ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН ҚОЛДАНУ

ӨМІРДІҢ ӨЗІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ПЕН БІРТҰТАСТЫҚТАН ҚҰРАЛАДЫ. СОЛ СИЯҚТЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ДЕ НЕГІЗГІ, БАСҚА ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ ӨЗІНЕ БАҒЫНДЫРАТЫН ОСЫ ЕКІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІРТҰТАСТЫҚ ЗАҢДЫЛЫҒЫ. БҰЛ ЗАҢДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНЕН ОҚУШЫНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. 1-3 СЫНЫПТАРДА ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҒЫ, АЛ 4-5 СЫНЫПТАРДА БІРТҰТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ ҚАТАР ЖҮРЕДІ. ОСЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРҒА РЕҢДІК, ТҮСТІК, ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ, ҮЙЛЕСТІРУ, КОЛОРИТТІК ЗАҢДЫЛЫҚТАР БАҒЫНЫШТЫ. МЫСАЛЫ, АҚ-ҚАРА, ҚАРА-ҚЫЗЫЛ ТҮСТІК АТАУЛАРЫНДА РЕҢДІК ТЕ, ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ТА, КОЛОРИТТІК ТЕ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БАР ЖӘНЕ ОЛАР БІР МЕЗГІЛДЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТЫ НЕМЕСЕ БІРТҰТАСТЫҚТЫ КӨРСЕТЕ АЛАДЫ. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ҚАЙ ТҮРІ, ҚАЙ ЖАНРЫ БОЛМАСЫН ОСЫ ЕКІ ЗАҢДЫЛЫҚҚА БАҒЫНУ АРҚЫЛЫ ОРЫНДАЛАДЫ. ТІПТІ ҚАЗАҚТЫҢ ОЮ-ӨРНЕГІНІҢ ӨЗІ ОСЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ АРҚЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН. СОНДЫҚТАН 1 СЫНЫПТАН БАСТАП ОСЫ НЕГІЗГІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҚТАРЫНДА ЖҮЙЕЛІ ҚОЛДАНҒАН ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРЕДІ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАБЫЛДАУ ҚАБЛЕТІНЕ ҚАРАЙ 1-3 СЫНЫПТАРДА ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ, 4-6 СЫНЫПТАРДА БІРТҰТАСТЫҚ ПЕН ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН БЕРІЛГЕН ТАҚЫРЫПҚА БАЙЛАНЫСТЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ӨТКІЗУ КЕРЕК.



Бастауыш сыныптардағы қарама-қайшылық заңдылықтарын қолдануға тоқталайық. Бұл жерде оқушыны сабаққа қызықтыру мақсатында, әдістемелік үйретуді қолдану үшін мұғалім тақтаға әр түрлі сызбалар салу арқылы орындау тәсілдерін көрсетуге болады. Нобай салуды мұғалім жақсы меңгеріп, тақтаға өшірмей бормен салу керек. Мұғалімнің шеберлігіне байланысты бастауыш сынып оқушылары мұғалімге қарап үлгі алып, соған ұқсауға, еліктеуге тырысады. Бастауыш сыныптарда қарама-қайшылық ситуацияларын төртке бөліп түсіндіру қажет. Көлем, өлшем, мөлшер, түс, рең. Оқушылар осы сөздердің мәнін түсіну керек. Егер оқушылар осы сөздердің мәнін біліп, түсінбесе, ажырата алмаса болмайды. Бұны мұқият түсіндірмей келесі кезеңге көшуге болмайды, бұл терминдер бейнелеу өнерін толық бітіргенше қолданылады.


- Көлем бойынша – үлкен-кіші; жуан-жіңішке.
- Өлшем бойынша – ұзын – қысқа; аласа – биік
- Мөлшер бойынша – алыс – жақын; қисық-түзу.
- Түсі, реңі бойынша – жарық-көлеңке; ыстық-суық.

Бұл жағдайлар қандай сабақ болмасын кез келген кластарда геометриялық денелер түрінде кездесіп отырады. Табиғаттағы бізді қоршаған ортадағы заттар, өзіміздің дене мүшеміз де геометриялық денелерден құралған деп түсінуіміз керек.

1 – мысал келтірейік. Қағаз бетіне үйлестіруді қарап көрейік. Тақтаға төртбұрыш, үшбұрыш және шар денелерін орналастырып, осы денелер неге ұқсайтынын сұрасақ, қабырғаға, шатырға, күн немесе допқа т.с.с жауаптар айтылады.



Енді осы геометриялық денелерді үш парақ ретінде сызылған сызықтың ішіне салыстырмалы түрде ретімен орналастырып, мынадай сұрақ қоямыз: мына денелер жиынтығының қайсысы парақ бетіне дұрыс орналасқан? Қайсысы дұрыс емес?

A scenic landscape featuring a calm river in the foreground, reflecting the sky and surrounding greenery. The middle ground is dominated by a dense line of tall, thin trees with sparse foliage, suggesting early spring. In the background, a white house with a porch is visible through the trees. The sky is clear and blue. A thin orange line is drawn across the upper part of the image, pointing towards the trees.


Оқушылар жауап бергеннен кейін қарама-қайшылық заңдылығының көлемдік өлшемге жататын үлкен-кіші, жуан-жіңішке аталуына түсініктеме беріледі. Не себептен дұрыс емес немесе дұрыс салынғанын көрсету керек. 2-мысал келтіріп көрейік. Мөлшері бойынша алыс-жақын, қисық-түзу сөздеріне геометриялық денелер құрамынан тақтаға нобай салып, сұрақтар қоямыз.

Сұрақтар: 1. Денелердің қайсысы үйлестіру заңдылығы бойынша дұрыс орналасқан? / 1 қатар, 2 қатар /
2. қайсысы алыс / төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек / қасысы жақын?
3. Қайсысы түзудің, қайсысы қисықтың бойына орналасқан? а/, ә/, б/

•Тақта мен қабырға қандай геометриялық денеге жатады немесе формасы қандай? міне осындай сұрақтар беріп, жауап алып, нобайлар салып көрсетіп, қайталау сұрақтарын үнемі беру арқылы оқушының есте сақтау қаблетін дамытуға болады.



3 – мысалға «Қысқы ағаштар» тақрыбын алайық. Тақтаға геометриялық денелер сызбасы салынады.



• Міне, осы денелерге ағаш түрлерін олардың құрылымына қарай орналастырып көрсету, үйлестіру заңдылығын түсіндіру, нобай салуға қалыптастыру тәсілдерді үйрету, көз мөлшерін, өлшемін жаттықтыру болып есептелінеді.
Мына тақтадағы ағаштарды геометриялық денелер пішініне қарап орналастыр:






Перспективалық көріністе ағаштарды орналастыр
Сұрақтар:

- Өлшем бойынша – ұзын – қысқа; аласа – биік
- Мөлшер бойынша – алыс – жақын; қисық-түзу.
- Түсі, реңі бойынша – жарық-көлеңке; ыстық-суық, ашық-күңгірт

Осы қарма-қайшылық заңдылығын мезгіліне, ағаш формасына қарама - қарсы салыстырмалы түрде перспектива заңдылығын қолдана отырып түсіндіру керек.

5-6 сыныптарда біртұтастық және қарама-қайшылық заңдылықтарын қолдану. Біртұтастық және қарама-қайшылық заңдылықтарын пайдаланып композициялық құрылымдағы рең, түс қайшылықтарын біріктіріп, бір ойға бағындыруды, нобай салу арқылы дұрыс үйлестіруді үйрету, көрсету болып табылады. Яғни, бұлар сабақтас заңдылықтар. Екі заңдылықтың бір-бірін толықтыруы оқушының ойлау қаблетіне берілгенді дұрыс игеруіне, мұғалімнің сабақты қалай түсіндіруіне байланысты болады.

Мұғалім тақырыпқа байланысты оқушыға нұсқау беретін кейбір заттардың нобайын салып көрсетіп, түсініктеме беруі керек. WESTERNBOURG 2008 789.29



Көлем, өлшем, мөлшер, түс-рең ерекшеліктерін ескере отырып, композициялық құрылым құру үшін зат нобайын салып, түсініктеме беру керек.
 а/ заттардың перспективалық көрінісі, бір-бірін жауып тұруы, реңдік қатынастар.
 ә/ орналасуы үш кезеңнен тұрады:

- Негізгі көрініс
- Толықтауыш
- Қосымша

б/ бірдей заттардың перспективадағы ара қатынасының көрінісі

в/ төменгі көкжиек

г/ жоғарғы көкжиек

Композициялық жұмыста рең қатынасы көп роль атқарады, өйткені алдыңғы пландағы күңгірт /ауыр/ түсті заттар анық болады да, керсінше ашық түстер күңгірттеу болып көрінеді.

Орналасу кезеңінде алдыңғы пландағы заттар анық, ал 2,3 планға орналасу заттар міндетіне қарай бұлыңғыр болады. Негізгі ой 1,2 планға орналасуы, яғни ауа перспективасын қолдануымыз керек.

Егер төменгі көкжиек қолданылса онда зат биік күйінде асқақтана көрінеді, ал жоғарғы көкжиек қолданылса зат сәл бәсеңсіп бейқам күйге түседі. Осы айтылғандар оқушыға түсінікті болуы үшін қосымша мезгеу /көмек/ сұрақтары қойылып талдануы қажет. Оқушылар берілген тапсырмаға, тақтадағы мұғалім салған нобайларға, қойылған сұрақтарға байланысты өз ойларын ортаға салуға, пікір, дәлелдерін ашық айтуға баулу керек. Яғни мұғалім өзінің білімі мен біліктілігін дұрыс пайдаланып, сабақ өткізу әдістерін ұдайы жетілдіре отыра, осы заңдылықтарды оқушының сабақта қолдануын үнемі қадағалау арқылы және оқушыға ойлау қаблетін арттыруға арналған тапсырмалар беріп отыруы тиіс.